

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 413 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы
24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., №
59-60, 555-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрлігі туралы ережеде:

«Орталық аппараттың функциялары» деген 16-тармақта:
мынадай мазмұндағы 68-1) тармақшамен толықтырылсын:

«68-1) Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау және
Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігімен, оның ішінде
кабылданған міндеттемелерді орындауымен және келіссөздерге қатысуымен
байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;»;

мынадай мазмұндағы 86-1) тармақшамен толықтырылсын:

«86-1) мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық)
функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;»;

290) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«290) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын,
инвестициялық бағдарламаның (жобаның) нысанын, оның орындалуы туралы
ақпараттың нысанын және бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде
интернет-ресурста жариялауға арналған нысанды бекіту тәртібін айқындау;»;

«Ведомстволардың функциялары» деген 17-тармақта:

290) тармақша алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*